

**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған 1 «Ә» сыныптың тәрбие жоспары бойынша жылдық талдау
есебі**

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Үш құндылық бойынша іс-шара жоспарлары жасалынып бекітілді.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы нұсқаулықта көрсетілген құжаттарға сәйкес жүргізілуде.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Биылғы оқу жылы пандемияға байланысты Білім күні 1 сынып оқушылары «Алғашқы қоңырау» атты мерекелік шараны жеке сыныпта өткізді. Білім күнінде «Абай қазақ данасы» тақырыбында, қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын насихаттау мақсатында сынып сағаты өтілді.

19.09 24ж Оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету мақсатында «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» тақырыбында сынып сағаты өтілді.

Қараша айында 1 сынып оқушыларымен «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында профилактикалық әңгіме жүргізілді.

1 желтоқсан Президент күніне орай «Біздің Елбасы» тақырыбында тәрбие сағаты, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Көк тудың желбірегені» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларымен «Кітап-біздің досымыз» тақырыбында кітапханаға саяхат жасады.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз мектептің жүрегі» тақырыбында тәрбие сағаты, «Қайырымдылық жасампаз күш» тақырыбында сынып сағаты өтілді.

Қазан айында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» тақырыбында сынып сағаты, қараша айында «Қазақтың ұлттық аспаптары» тақырыбында танымдық сабақ, қараша айында «Қазақтың ұлттық ою-өрнектері» тақырыбында аппликациялық жұмыс, желтоқсан айында Туған жер бағдарламасын іске асыру мақсатында «Ауылымның таңғажайып көріністері» тақырыбында фото көрме байқауы өтті.

Қыркүйек айында Отбасы күніне орай «Отбасым-бақыт мекенім» тақырыбында сынып сағаты және осы тақырыпта оқушылар сурет салу көрмесі жоспарланып өз деңгейінде өтті.

Сондай-ақ ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында сауалнама жүргізілді.

Қазан айында «Күз сыйы» тақырыбында қабырға газетінен бастауыштар арасында байқауға қатысып 1 сынып оқушылары I орынды иеленді. Қараша айында «Мамандықтың -бәрі жақсы» тақырыбында танымдық сабақ өтілді.


Қыркүйек айында «Өтірік сөз өрге баспас» тақырыбында оқушыларға фильм көрсетілді.

Қыркүйек айында оқушылармен «Мектеп ережесін құрметтейі» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Қараша айында «Мәдени киіну эстетикасы» тақырыбында өнеге сағаты өтілді. Желтоқсан айында балалардың көптен күткен мерекесі Жаңа жыл қарсаңына орай сыныпта Кел Жаңа Жыл тақырыбында ертеңгілік өтілді. Оқушылар Аяз атаға тақпақтарын айтып, сыйлықтарын алды.

Қорыта келген осы аталған іс-шаралар жоспарды түрде уақытында өтіліп, материалдары жинақталып отырылды.

1 сыныпта 3 ұл, 3 қыз бала. Барлық оқушылар ешқандай сабақтан себепсіз қалған емес, тәрбиеге бағынбайтын оқушы болған жоқ. Ешқандай тазалықтан ескерту алған жоқ.

Сынып жетекші:



Қайролла М.М.